

Өнертабыстарды, өнеркәсіптік үлгілер мен пайдалы модельдерді патенттеу, тауар таңбалары мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, тауардың шыққан жерінің атын пайдалану хұқығын тіркеу және беру үшін алынатын баж салықтарын төлеудің тәртібі мен мөлшері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 20 қазан 1992 ж. N 889. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.03. N 1139 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Патент Заңының 35-бабына сәйкес және өнеркәсіп меншігі объектілерін тіркеу қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Өнертабыстарды, өнеркәсіптік үлгілер мен пайдалы модельдерді патенттеу, тауар таңбалары мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, тауардың шыққан жерінің атын пайдалану хұқығын тіркеу және беру үшін алынатын баж салықтарын төлеу тәртібінен мөлшері бекітілсін.

(2 - т а р м а қ) < * > .

(3 - т а р м а қ) < * > .

Ескерту. 2,3-тармақтары күшін жойған - ҚРМҚ-нің 05.12.1994 ж. N 1369 қаулысына сәйкес.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 20 қазандағы
N 889 қаулысымен
Бекітілген

Өнертабыстарды, өнеркәсіп үлгілерін және пайдалы модельдерді патенттеу үшін, тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін тіркеу, тауардың шыққан жерінің атын пайдалану хұқығын беру және тіркеу үшін алынатын баж салықтарының мөлшері мен оны төлеудің Тәртібі <*>

ЕСКЕРТУ. Осы Тәртіптің мәтініндегі "ең аз еңбек ақысының" деген сөздер "есептік көрсеткішінің" деген сөздермен ауыстырылсын - ҚРҰ-нің 1996.08.09. N 987 қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық патент ведомствосына (бұдан әрі - Қазпатент) өнертабысқа (бұдан әрі - өнертабысқа өтінім), өнеркәсіп үлгісіне (бұдан әрі - өнеркәсіп үлгісіне өтінім), пайдалы модельге (бұдан әрі - пайдалы модельге өтінім), өтінім беру үшін, тауар белгісі мен қызмет көрсету белгісін тіркеу үшін (бұдан әрі - тауар белгісін тіркеуге өтінім), тауардың шыққан жерінің атын пайдалану хұқығын беруге және тіркеуге (бұдан әрі - тауардың шыққан жерінің атын пайдалану хұқығына өтінім) өтінім беру үшін ең аз еңбек ақысының 1/2 бөлігі мөлшерінде баж салығы төленеді.<*>

Өнеркәсіп меншігін қорғау жөніндегі Париж конвенциясымен белгіленген, бірақ заңда қаралған мерзімнен кешіктірілмей мерзім біткенше конвенциялық басымдық сұраған өтінім беру үшін, сондай-ақ ұжымдық тауар белгісін тіркеуге өтінім беру үшін баж салығы екі еселенген мөлшерде төленеді.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен .

2. Өнертабысқа, өнеркәсіп үлгісіне, пайдалы модельге, тауар белгісін тіркеуге немесе тауардың шыққан жерінің атын пайдалану хұқығын тіркеуге өтінім беру үшін баж салығы өтінім берілген кезде төленеді. Бұдан кейінгі мерзімде, бірақ сұрау алған күннен бастап 2 айдан кешіктірілмей төленген жағдайда баж салығының мөлшері 20 процентке өседі.

3. Өтінім келіп түскен күннен бастап 2 ай өткен соң өнертабысқа, өнеркәсіп үлгісіне немесе пайдалы модельге өтінімге түзетулер және (немесе) нақтылаулар енгізгені үшін ең аз еңбек ақысының 1/4 бөлігі мөлшеріндегі баж салығы төленеді .

4. Өнертабысқа, өнеркәсіп үлгісіне, пайдалы модельге өтінім келіп түскен күннен бастап 2 ай өткенге дейін формальды сараптау өткізу үшін ең аз еңбек ақысының 1/4 бөлігі мөлшеріндегі баж салығы төленеді.

5. Өнертабысқа өтінімді нақты сараптаудан өткізу үшін баж салығы ең аз еңбек ақысының екі еселенген мөлшерінде төленеді.

Өтінімде Патенттік кооперация туралы халықаралық Келісімге сәйкес халықаралық органдардың бірі дайындаған халықаралық іздестіру туралы есеп немесе алдын ала өткізілген халықаралық сараптаудың қорытындысы бар болған жағдайда, осы өтінім бойынша нақты сараптау өткізу үшін баж салығының мөлшері 15 процентке азайтылады.

6. Егер өтінім біртұтас өнертабыстық өзара тығыз байланысқан, ой құратын дәрежеде өнертабыстар тобына қатысты болса, әрбір өнертабыс бойынша бірден аса нақты сараптау өткізу үшін осы Тәртіптің 5-тармағында белгіленген сомалардың 80 проценті мөлшерінде қосымша баж салығы төленеді.

7. Өнеркәсіп үлгісіне өтінімге нақты сараптау өткізу үшін баж салығы ең аз еңбек ақысының мөлшерінде төленеді.

8. Егер өнеркәсіп үлгісіне өтінім бірнеше нұсқадан тұрса, онда құрамындағы нұсқа саны 10-ға дейінгі өтінімге нақты сараптау жүргізу үшін ең аз еңбек ақысының 1/3 бөлігі мөлшеріндегі, ал нұсқа саны 10-нан астам болса - ең аз еңбек ақысының 3/4 бөлігі мөлшеріндегі баж салығы қосымша төленеді.

9. Нақты сараптау жүргізу үшін төленген баж салығының сомасы біртұтас өнертабыстық ой құратын және олар үшін баж салығы төленуге тиіс өнертабыстар санына немесе өнеркәсіп үлгісі нұсқаларының санына сәйкес келмеген жағдайда, өтінім жасаушының бұл туралы ескерту хат алған күнінен бастап, екі айлық мерзімде қосымша төлем жасалады.

10. Өнертабысқа немесе өнеркәсіп үлгісіне бастапқы өтінімді бірнеше дербес өтінімге бөлген жағдайда, қайта берілетін бөлініп алынған өтінімдердің әрқайсысы үшін тәуелсіз жеке өтінім, ретінде төлем жасалады. Бұл ретте, бөлініп алынған өтінімдер заңмен белгіленген талаптарға сәйкес берілген болса, сараптау жүргізу үшін бұрын төленген баж салығы сомалары есепке алынады.

11. Тауар белгісі өтініміне толық сараптау өткізу үшін, тауарлардың немесе қызмет көрсетудің бір класына баж салығы ең аз еңбек ақысы мөлшерінде төленеді және бірден артық тауарлардың немесе қызмет көрсетудің әрбір класы үшін ең аз еңбек ақысының 1/4 бөлігі мөлшерінде қосымша баж салығы төленеді.

Толық сараптау өткізу үшін төленген баж салығы сомасының тауарлардың немесе қызмет көрсетудің өтінімде көрсетілген кластар санына сәйкес келмеген жағдайында, өтінім жасаушының бұл туралы ескерту хат алған күнінен екі айлық мерзімде қосымша төлем жасалады.

Тауардың шыққан жерінің атын пайдалану хұқығына өтінімге толық сараптау өткізу үшін ең аз еңбек ақысы мөлшеріндегі баж салығы төленеді.

12. Өнертабысқа, өнеркәсіп үлгісіне өтінімге нақты сараптау өткізу үшін баж салығы Қазақстан Республикасы Патент заңы белгілеген мерзімде сараптау өткізу туралы өтініш берген кезде төленеді.

13. Қазпатентке өнертабысқа, өнеркәсіп үлгісіне алдын ала патент беруден бас тарту туралы шешімге қарсылық білдіру үшін ең аз еңбек ақысының 1/2 бөлігі мөлшеріндегі баж салығы төленеді.

Өнертабысқа, өнеркәсіп үлгісіне патент бас тарту туралы шешімге қарсылық білдіру үшін ең аз еңбек ақысы мөлшерінде баж салығы төленеді.

Пайдалы модельге патент беруден, тауар белгісін тіркеуден немесе тауардың шыққан жерінің атын тіркеуден және тауардың шыққан жерінің атын пайдалану хұқығына куәлік беруден бас тарту туралы шешімге қарсылық білдіру үшін ең аз еңбек ақысының 3/4 бөлігі мөлшеріндегі баж салығы төленеді.

14. Қазпатентке өнертабысқа немесе өнеркәсіп үлгісіне алдын ала патент немесе патент берілуіне пайдалы модельге патент берілуіне қарсы, тауар белгісін

тіркеуге немесе тауардың шыққан жерінің атын пайдалану хұқығын тіркеуге қарсы пікір білдіру үшін 13 тарауда белгіленген мөлшерлерде баж салықтары төленеді.

15. Өтінім берушінің өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш беру үшін ең аз еңбек ақысы мөлшеріндегі баж салығы төленеді.

16. 13-15 тараулар бойынша баж салығы тиісті құжаттарды берген кезде төленеді.

17. Өнертабысқа немесе өнеркәсіп алдын ала патент берілгені, пайдалы модельге патент берілгені үшін, тауар белгісін және тауардың шыққан жерінің атын пайдалану хұқығының тіркелгені үшін және куәлік берілгені үшін ең аз еңбек ақысының 1/2 бөлігі мөлшеріндегі баж салығы төленеді.

Алдын ала патентті патентке ауыстыру үшін ең аз еңбек ақысының 1/4 бөлігі мөлшеріндегі баж салығы төленеді.

Патент иесінің алдын ала патентті немесе патентті өтініші бойынша қайта ресімдеу үшін ең аз еңбек ақысының 1/2 бөлігі мөлшеріндегі баж салығы төленеді.

Баж салығы алдын ала патент немесе патент беру туралы шешімді, тауар белгісін немесе тауардың шыққан жерінің атын тіркеу және оны пайдалану хұқығын беру туралы шешімді алған күнінен бастап, екі ай ішінде немесе алдын ала патенттегі немесе патенттегі қателерді түзету туралы өтінішті берген кезде төленеді.

Баж салығы жоғарыда көрсетілген мерзімнен кейін, бірақ ол мерзімнен 6 ай өтпей төленген жағдайда, баж салығының мөлшері 50 процентке көбейтіледі. Баж салығы бұл мерзімде төленбесе, өтінім қайтарып алынған болып есептеледі.

18. Өнертабыстар мен өнеркәсіп үлгілеріне алдын ала патенттерді, пайдалы модельдерге патенттерді күшінде сақтау үшін баж салықтары (жылдық баж салықтары), патент беруге өтінім түскен күннен бастап санағанда, олардың күшіне енуінің бірінші жылынан, ал өнертабыстар мен өнеркәсіп үлгілеріне патенттерді - олардың күшіне енуінің жылынан бастап, мынадай мөлшерде төленеді (жылына):

Өнертабысқа күшіне енген жылы			Патенттің		
1	2	3	4	5	6
Бірінші	ең аз еңбек	-	ең аз еңбек		

және екінші бөлігінен	ақысының 1/2 бөлігінен	ақысының 1/3
Үшінші бөлігі	ең аз еңбек ақысының 1/2 бөлігі	ең аз еңбек ақысының 1/3
Төртінші және бесінші бөлігінен	ең аз еңбек ақысының 3/4 бөлігінен	ең аз еңбек ақысынан
Алтыншы және жетінші	-	ең аз еңбек ақысынан
Сегізінші	-	1,5 ең аз еңбек ақысы (ұзарту)
Тоғызыншы	-	1,5 еселенген ең аз еңбек ақысы
Оныншы	-	2 еселенген ең аз еңбек ақысы
Он бірінші және он екінші	-	2 еселенген ең аз еңбек ақысынан
Он үшінші және он төртінші	-	3 еселенген ең аз еңбек ақысынан
Он бесінші	-	3 еселенген ең аз еңбек ақысы
Он алтыншы және он сегізінші	-	3/5 ең аз еңбек ақысынан
Он тоғызыншы және жиырмасыншы	-	4 еселенген ең аз еңбек ақысынан

Патенттің күшіне енген жылы ! Өнертабыс үлгісіне ала патент ! Өнертабыс үлгісіне патент !

Бірінші және екінші бөлігінен	ең аз еңбек ақысының 1/3	-
Үшінші бөлігі	ең аз еңбек ақысының 1/3	ең аз еңбек ақысының 1/3
Төртінші және бесінші бөлігінен	ең аз еңбек ақысының 1/2	ең аз еңбек ақысының 1/2
Алтыншы және жетінші бөлігінен	-	ең аз еңбек ақысының 3/4
Сегізінші ақысы	-	ең аз еңбек
Тоғызыншы ақысы	-	ең аз еңбек
Оныншы ақысы	-	1,5 ең аз еңбек
Он бірінші және он екінші (ұзарту)	-	2 еселенген ең аз еңбек ақысынан
Он үшінші және он төртінші (ұзарту)	-	2 еселенген ақысынан
Он бесінші ақысы (ұзарту)	-	2 еселенген ең аз еңбек
Он алтыншы он сегізінші	-	-
Он тоғызыншы	-	-

жиырмасыншы

19. Жылдық баж салығы алдын ала патенттің немесе патенттің толық жыл бойы үшін төленеді. Өнертабысқа немесе өнеркәсіп үлгісіне алдын ала патентті, пайдалы модельге патентті күшінде ұстау үшін жылдық баж салығының бірінші жарнасы қорғау құжатын беру үшін баж салығын төлеумен бір уақытта төленеді.

Өнертабысқа немесе өнеркәсіп үлгісіне патентті күшінде ұстау үшін жылдық баж салығының бірінші жарнасы патентті пайдаланудың үшінші жылы басталғанға дейін немесе патентті беру үшін баж салығын төлеумен бір уақытта төленеді.

Алдын ала патентті немесе патентті пайдалануының әрбір келесі жылына баж салығы тиісті қорғау құжатының пайдаланылып отырған жылы өткенге дейін төленеді.

20. Тауар куәліктің немесе тауардың шыққан жерінің атын пайдалану хұқығына куәліктің пайдалану мерзімін ұзарту туралы өтініш беру үшін тауарлардың немесе қызмет көрсетудің бір класы үшін ең аз еңбек ақысының мөлшерінде және бірден артық тауарлар мен қызмет көрсетудің әрбір класы үшін ең аз еңбек ақысының 1/2 бөлігі мөлшерінде баж салығы төленеді.

Баж салығы куәлік иесінің заңмен белгіленген мерзімде өтініш берген кезінде төленеді.

21. Жылдық баж салығы, пайдалы модельге патенттің немесе тауар белгісіне немесе тауардың шыққан жерінің атын пайдалану хұқығына куәліктің пайдалану мерзімін ұзарту үшін баж салығы белгіленген мерзімнен кейін, бірақ кейін алты ай өтпестен төленген жағдайда, осы Тәртіптің 18, 20-тармақтарында белгіленген баж салықтарының мөлшері 50 процентке көбейеді.

Тауар белгісіне куәліктің және тауардың шыққан жерінің атын пайдалану хұқығына куәліктің пайдалану мерзімін ұзарту үшін баж салығын және жылдық баж салығын төлеу мерзімі 6 айдан аса кешіктірілсе, тауар белгісін тіркеудің күші жойылады, ал өнертабысқа, өнеркәсіп үлгісіне, алдын ала патентті немесе патентті, пайдалы модельге патентті және тауардың шыққан жерінің атын пайдалану хұқығына куәлікті пайдалану тоқтатылады.

22. Өнертабысқа өтінімді пайдалы модельге өтінімге немесе пайдалы модельге өтінімді өнертабысқа өтінімге өзгертуге өтініш беру үшін ең аз еңбек ақысының 1/4 бөлігі мөлшеріндегі баж салығы төленеді.

23. Тауар белгісіне немесе тауардың шыққан жерінің атын пайдалану хұқығына куәліктің иесі Реестр мен куәлікке заңда қамтылған өзгерістер енгізу қажеттігі туралы ескерту хат бергені үшін ең аз еңбек ақысының 1/2 бөлігі мөлшерінде баж салығы төленеді.

24. Алдын ала патентке немесе патентке хұқық беру туралы, тауар белгісін немесе лицензиялық шартты беру туралы шартты тіркеу үшін ең аз еңбек ақысы мөлшерінде баж салығы төленеді.

25. Патенттік сенімді өкілді тіркеу үшін баж салығы ең аз еңбек ақысы мөлшерінде төленеді.

26. Заңда қамтылған және бұл Тәртіпте аталмаған жеке тілектер, өтініштер бойынша іс-әрекет жасауға, сондай-ақ қызмет көрсетуге, Қазпатент белгілеген

тариф бойынша ақы төленеді.

27. Кез келген адамға лицензия (ашық лицензия) алуға хұқық бергені үшін патент иесі Қазпатентке тиісті арыз бергенде патентті күшінде ұстау алынатын баж салығы 50 процентке азайтылады.

28. Өз атына қорғау құжатын сұраушы өнертабыстардың, өнеркәсіп үлгілерінің, пайдалы модельдердің авторлары болып табылатын, азаматтар, сондай-ақ қызметі пайда келтірмейтін коммерциялық емес ұйымдар (университеттер, жоғары оқу орындары және басқалар) осы Тәртіптің 1 және 17 тармақтарында қарастырылған белгіленген соманың 50 проценті мөлшерінде баж салығын төлейді.

Жалпы табысы ең аз еңбек ақысынан артпайтын азаматтар осы Тәртіптің 1 тармағына сәйкес баж салығын төлеуден босатылады.

Баж салығы мөлшерін азайту үшін, қызметінің коммерциялық емес сипатта екенін растайтын құжаты қоса тіркелген (ұйымдар үшін) тиісті өтініш, ал баж салығын төлеуден босату үшін - азаматтардың тұрған жеріндегі мемлекеттік салық қызметі органдарының құжатымен расталған өтініш негіз болады.

29. Өз атына қорғау құжатын сұраған өнертабыстардың, өнеркәсіп үлгілерінің авторлары болып табылатын, азаматтар тиісті өтініш берген жағдайда осы Тәртіптің 5-9 және 18 тармақтарында көзделген (бірақ патентті пайдалана бастаған 10 жылдан аспауға тиіс) белгіленген соманың 50 проценті мөлшерінде баж салығын төлеп, кейін қосымша төлем жасай алады.

Төлеу мерзімі өнертабысты немесе өнеркәсіп үлгісін пайдаланудан, алдын ала патентке немесе өнертабысты не өнеркәсіп үлгісін пайдалануда хұқықты басқа адамдарға бергеннен (лицензиялық шарт жасау) пайда түскенге дейін ұзартылады, бірақ ол үш жылдан аспауға тиіс. Белгіленген баж салығы мөлшеріне жетпей тұрған сома ұзартылған әр жыл үшін 20 процентке көбейтіліп төленеді.

30. Баж салығын Казпатент алады және ол ведомствоның арнаулы қаражат жөніндегі ағымдағы есебіне аударылады.<*>

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 05.12.1994 ж. N 1369 қаулысына сәйкес.

31. Шетелдік валютадағы баж салықтарының мөлшерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосының аталған баж салықтарын шетелдік патент ведомстволарының төлеттіру тәжірибесін ескере отырып жасалған ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді. <*>

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 04.06.1993 ж. N 265 қаулысына сәйкес.

32. Баж салығы дұрыс төленбеген немесе баж салығы пайдаланылмаған

жағдайлардан басқа кездерде, төленген баж салықтары қайтаруға жатпайды.

Төленген сома, егер нақты шығындар орын алған болса, оларды есептен шығарып тастап, басқа баж салықтарын төлеу шотына ауыстырылуы немесе баж салығын төлеген адамның өтініші бойынша қайтарылып берілуі мүмкін.

Баж салығын қайтаруды соманың бюджетке қосылған күнінен бастап бір жылдық мерзім өткенше баж салығы бюджетіне түскен аудан немесе қаланың қаржы органы жүзеге асырады.

Баж салығын қайтару төлем жасаушының арызы бойынша қайтарылады. Арызға Қазпатенттің баж салығын толық немесе ішінара қайтаруға негіз болатын жағдайлар туралы анықтамасы, сондай-ақ егер баж салығы толық қайтарылуға тиіс болса, баж салығының төленгенін растайтын құжаттардың түпнұсқасы қоса беріледі.